Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатын қарау қорытындысы

Түркістан қаласы 13 қараша 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестіктк қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі - Басқарма)* 2025 жылғы 2 қазандағы № 28/1773 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды *(бұдан әрі - Қорытынды)* беру туралы өтініш хат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі - Қағида)* 2-тарауының 14-тармағын басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

2. Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

- *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000).*

Басқарманың өтінішхатында, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны – **код КАТО 611000000 – Түркістан қаласы**.

3. Тапсырыс беруші – Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Әлеуетті жеткізуші – Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан» кәсіпқой бокс клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

БСН – 220840039603.

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан» кәсіпқой бокс клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан кәсіпқой бокс клубы бұрын соңды болмаған, жалғыз кәсіпқой былғары қолғап шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы болып табылады.

4. Жоспарланған қызметтердің тауар нарығын анықтау мақсатында, Департамент тарапынан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі – Статистика департаменті)* 2025 жылғы 2 қазандағы № 02-09/1425 хаты жолданды.

Статистика департаментінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 13-05-04/2247 хатында, жоспарланған қызмет - Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000) «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» *(бұдан әрі-ЭҚЖЖ)* **«Спорт клубтар қызметтері» (ЭҚЖЖ коды-93.12.0)** ішкі кластарында жіктелетіндігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет ресурсынан (www.stat.gov.kz) алынған ақпарат бойынша, **Түркістан қаласы** географиялық шекарасында жоспарланған тауар нарығында келесі субъектілер тіркелген:

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы ҚР Куанышов М. С

«Спорт клубтар қызметтері» (ЭҚЖЖ коды-93.12.0) қызметі бойынша (өтініш нөмірі: ad3eb4e3-9929-4934-94e9-acb6b4e01527, 290ac30d-b9f2-42cc-8417-b0a76b7927e4) **3 заңды тұлға, 9 жеке кәсіпкерлік** тіркелген:

кесте №1

№	БСН/ЖСН	Толық атауы
1	230140032216	«Томирис Тұран-Түркістан ӘФК» ЖШС
2	210640011093	«Түркістан облысының қазақ күресі спорт клубы» ЖШС
3	180540037953	«Тұран СК» ЖШС
4	650424401004	ЖК «ZabeyBar»
5	880913302369	ЖК «Миншарипов Елибай Исламович»
6	761226300762	ЖК «Аскаров»
7	940506402099	ЖК «Шымыр»
8	010226651341	ЖК «Айтмахан»
9	030901500135	ЖК «ХАЗспортРЕТ»
10	960805301466	ЖК «Жандаралиев»
11	950111400166	ЖК «Әлайдарқызы»
12	890305301149	ЖК «SC BARS»

Жоғарыда аталған нарық субъектілерінің *«Кәсіпқой шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы»* қызметін көрсетумен айналысатынын нақтылау мақсатында, Департамент тарапынан 2025 жылғы 10 қазанда № 02-10/1492 сұрау хаты жолданды.

«Томирис Тұран-Түркістан ӘФК» ЖШС *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1799),* «Түркістан облысының қазақ күресі спорт клубы» ЖШС *(2025 жылғы 7 қарашадағы кіріс №1848),* «ТҰРАН СК» ЖШС *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1797),* ЖК ZabeyBar *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1798),* ЖК «АСКАРОВ» *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1805),* ЖК «Шымыр» *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1803),* ЖК «Айтмахан» *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1802),* ЖК «Жандаралиев» *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1807)* және ЖК «SC BARS» *(2025 жылғы 29 қазандағы кіріс №1793)* ұсынған жауаптарына сәйкес *«Кәсіпқой шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы»* **қызметті көрсетілмейтінін хабарлады.**

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 3 қарашадағы №МКД-08-1-20/16088-И жолдаған ақпаратына сәйкес - ЖК «ХАЗспортРЕТ» (ЖСН 030901500135) **әрекетсіз салық төлеушілер болып табылады**, сондай-ақ ЖК Әлайдарқызы (ЖСН 950111400166) 2025 жылы салық аударымдары жылына 100 теңгені құрады, бұл нарық субъектісі экономикалық қызметті жүзеге асырмайды деп сенуге болады.

Қазақстан Республикасындағы электрондық лицензиялау порталы (elicense.kz) ресми сайттың ақпаратына сәйкес, 2025 жылы ЖК «Миншарипов Елибай Исламович» ЖК «DEMAL бильярд клубы» деп қайта аталып, келесі қызмет түріне лицензия алды: «Алкоголь өнімін өндіру аумағында оларды сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сату».

https://elicense.kz/LicensingContent/SimpleSearchLicense?IinBinEquality=1&IinBinStr=880913302369&NumberNikadUinrdEquality=1&NumberNikadUinrdStr=&DateIssueEquality=1&DateIssueStr=

Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасы Абдыгалиева М. С

&LBD_VCID_ExampleCaptcha=1da9c3b1d27441a1b70450c1f1f4100b&LBD_BackWorkaround_ExampleCaptcha=1&Captcha=DWXW

ЖК атауының өзгеруі және лицензияның алынуы оның «*Кәсіпқой шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы*» ретінде емес, тек бильярд клубы қызметімен айналысатынын көрсетеді.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 және 2025 жылдары Түркістан қаласы географиялық шекарасында *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000)* сұратылған қызмет түрі бойынша **конкурс өтпеген**.

5. Түркістан қаласы географиялық шекарасында *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000)* бойынша келесі жеке кәсіпкерлік субъктісі анықталды - **3 заңды тұлға, 9 жеке кәсіпкерлік субъектісі** тіркелген.

Алайда, аталған субъектілерден алынған мәліметтер мен уәкілетті органдардың ақпаратына сәйкес, олардың ешқайсысы *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері («Кәсіпқой шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы»)* **көрсетпейтіні** анықталды, сондай-ақ Басқармасының ақпаратына сәйкес «Түркістан» кәсіпқой бокс клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан кәсіпқой бокс клубы бұрын соңды болмаған, жалғыз кәсіпқой былғары қолғап шеберлерін дайындайтын кәсіби бокс клубы болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 және 2025 жылдары Түркістан қаласы географиялық шекарасында *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000)* сұратылған қызмет түрі бойынша **конкурс өтпегендігі анықталды**.

6. Қортындының колданылу мерзімі - **2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

7. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, *Спорттық клубтардың қызмет көрсетулері (ТЖҚК: 931210.900.000000)* қызметі бойынша бүгінгі таңда **Түркістан қаласы** географиялық шекарасында **жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігі анықталды.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады**.

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы — **Мухамедвалиева Д.**

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы — **Избасар. А.**

Департамент басшысы — **Турысбаев А.Б.**

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы/Ахуанбекова М. С.